



## БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Алматы қаласы

2021 жылдың 27 желтоқсаны

### Қазақстанның Тәуелсіздігінің 30-жылдығына арнап KASE қаржы нарығының тарихына арналған кітабының екінші қосымша басылымын шығарды

Қазақстан қор биржасы (әрі қарай – KASE немесе Биржа) Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 30 - жылдығына Қазақстан қор биржасының және қазақстандық қаржы нарығының тарихына арналған, екінші толықтырылған басылымын шығарды.

Кітап үш тәлде шығарылған: қазақ тілінде – "Болашақ құрылу тарихы", орыс тілінде – "Как создавалось будущее" және ағылшын тілінде – "Building the Future".

Алғашқы кітаптың басылымы 2018 жылы Қазақстан қор биржасының 25 жылдығына арналып шығарылды. Онда ұлттық валютаның айналымға енгізілу сәтінен бастап, тарихи және экономикалық оқиғалардың аясында Биржаның барлық қалыптасу және даму кезеңі қамтылды.

Жаңа басылым 2018-2021 жылдар аралығындағы KASE және нарықтың дамуындағы маңызды оқиғалар туралы баяндайтын тараумен толықтырылды. Осы үш жыл ішінде Биржа жасаған технологиялық серпіліс оны және нарықты дамудың жаңа деңгейіне шығарды. Соңғы үш жылдағы маңызды оқиғалардың қатарында сауда және клиринг жүйелерін жаңғырту, Биржаның барлық нарықтарында орталық контрагенттік қызметтерді іске қосу, басқа да жаңа қызметтер мен нарық секторларының іске қосылуы бар.

Атап айтқанда, Биржа клиенттеріне бағалы қағаздарды жеке орналастыруды жүргізуге, АҚШ долларындағы сауда-саттық нәтижелері бойынша есеп айырысуға мүмкіндік берілді. Биржа тұрақты даму қағидаттары (ESG) облигацияларының листингіне қойылатын талаптарды белгіледі және босатуды ұсынды. "KASE Global" секторы АҚШ долларындағы баға белгіленімі бар шетелдік бағалы қағаздармен сауда-саттық және олар бойынша T+2 сызбасы бойынша есеп айырысулар үшін ашық. Биржаның мобильді қосымшасы іске қосылды. Үш жылдық кезең аясында Қазақстан қор биржасы мен Мәскеу биржасы арасындағы белсенді стратегиялық серіктестік жалғасты.

"Болашақ қалай құрылды" кітабы 2018 жылы кәсіби аудиторияда үлкен қызығушылық тудырып, студенттер арасында сұранысқа ие болды. Біз кітаптың барлық мағынада әлеуметтік пайдалы жобаға айналғанын көрсететін көптеген жауаптар алдық, – дейді KASE Басқарма Төрайымы Алина Алдамберген. – Бірінші басылыммен жұмыс істей отырып, 25 жыл бұрынғы оқиғалар туралы мәліметтерді біртіндеп жинай отырып, біз тарихты дер кезінде жазып, сақтап, келешек ұрпаққа жеткізу керектігін түсіндік. Сондықтан, KASE мен қаржы нарығының дамуы еліміздің қалыптасу, Қазақстанның саяси, экономикалық және қаржылық егемендік алу тарихындағы маңызды және ажырамас қабат екенін түсініп, биржа хроникасын жалғастыруды жөн көрдік. Біз кітап үшін де, "KASE: жүздегі оқиға" онлайн жобасы үшін де өз білімдері мен естеліктерімен бөлісуге уақыт пен мүмкіндік тапқан әріптестеріміз бен серіктестерімізге алғыс айтамыз. Бұл бір жұмыстың қосымша бөліктері: егер кітап академиялық, хронологиялық, егжей-тегжейлі болса, онда онлайн оқиғалар оқиғаларға жеке көзқарас болып табылады".

Кітаптың жаңартылған басылымымен жұмыс істеу кезінде Биржаның мұрағаттық материалдары, ресми құжаттары, БАҚ-тағы көптеген жарияланымдары, сондай-ақ 100-ге жуық қаржы нарығы мамандарының естеліктері пайдаланылды. Олардың қатарында Мәдина Әбілқасымова, Әлия Молдабекова, Игорь Марич, Гүлжан Қарағұсова, Ораз Жандосов, Әнуар Сәйденов, Данияр

Ақышев, Болат Жәмішев, Жанат Құрманов, Елена Бахмутова, Үміт Шаяхметова, Әділ Мұхамеджанов, Сергей Лукьянов және тағы басқалар бар.

KASE жобаның барлық қатысушыларына, сондай-ақ Биржа мүшелері – "Алматы қаласындағы Қытай сауда-өнеркәсіп банкі" АҚ және "Фридом Финанс" АҚ – кітаптың толықтырылған басылымын шығаруға қолдау көрсеткені үшін алғысын айтады.

### **Анықтама үшін**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД қор биржаларының арасында екінші орын, ал FEAS қор биржаларының арасында нарықтық капиталдандыру деңгейінде алтыншы орын алады.

Бұл – репо нарығының құралдары, шетел валюталары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, сондай-ақ туынды қаржы құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы болып табылады. KASE Биржа федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалар федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби қауымдастықтарының мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Қор биржасы тұрақты даму үшін" бастамасының қатысушысы болып табылады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, [pr@kase.kz](mailto:pr@kase.kz)